


ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

Январь-июнь 2024 г.



6 482

МЛРД ТГ.




ИФО

ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – 105,8%

МЕТАЛЛУРГИЯ – 108,3%

- Добыча металлических руд
- Metallurgicheskaya promyshlennost

\$ 6,0 МЛРД



ЭКСПОРТ

ИМПОРТ 44%
ОТП 56%

\$ 3,3 МЛРД



РЫНОК



\$ 1,4 МЛРД



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-май 2024 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-ИЮНЬ 2024 Г., МЛРД ТЕНГЕ



2024 жылғы қаңтар-маусымдағы ТМК

2024 жылғы қаңтар-маусымда Қазақстан Республикасының тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 6,482 трлн. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 8,9%-ға көп. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлес түсті металлургияға тиесілі – 3 057,6 млрд теңге, қара металлургиядағы өндіріс 1 338,1 млрд. теңгені құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті түсті кендерді өндіру алады – 1 759,8 млрд. теңге, қалған бөлігі темір кендерін өндіруге тиесілі – 310,7 млрд. теңге.

«Металл кендерін өндіру» НКИ 2024 жылғы қаңтар-маусымда 105,8% құрады. «Темір кендерін өндіру» НКИ 112,4% құрады. Өндірістің ұлғаюы темір (122,0%) және хром (122,2%) кендерін өндірудің өсуімен байланысты.

«Түсті металл кендерін өндіру» НКИ 104,1% құрады. Өндірістің ұлғаюы түсті металдардың негізгі кендерін өндірудің өсуімен байланысты: алюминий (боксит) (115,7%); мыс-мырыш (105,3%); қорғасын-мырыш (111,7%); мыс (106,4%), құрамында алтын бар металдар (104,5%).

«Металлургия» НКИ 2024 жылғы қаңтар-маусымда 108,3% құрады.

Түсті металлургиядағы НКИ 105,0% құрады, бұл ретте НКИ ұлғаюы тазартылған мыс (116,2%), өңделмеген алюминий, алюминий оксиді (114,3%), өңделмеген тазартылған қорғасын (115,3%), тазартылған алтын өндірісінде (101,4%) құрады.

Қара металлургияның НКИ қайта құйылған шойын (115,3%); ферроқорытпалар (117,5%); тазартылмаған болат (106,3%); қоспасыз болаттан жасалған өзектер мен шыбықтар (110,4%); қоспасыз болаттан жасалған профильдер мен бұрыштар (103,9%); тегіс илек (131,7%), қоспасыз (көміртекті) болаттан жасалған қырлы табақтар (122,2%) өндірісінің ұлғаюы есебінен 113,7% құрады.

2024 жылғы қаңтар-мамыр айларында металлургия өнімдерінің экспорты 2023 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 11,4%-ға ұлғайып, 6 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 1,8 млрд. АҚШ доллары, түсті металлургия - 4,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда қара металлургия экспортының көлемі 6,8%-ға, түсті металлургия экспорты 21,4%-ға ұлғайды.

Металлургиялық өнім экспортының құндық құрылымында құны бойынша негізгі көлем мыс (28,1%), ферроқорытпалар (15,9%), жалпақ илек (9,9%), күміс (4,2%), мырыш (4,1%), алюминий (3,3%) өнімдеріне тиесілі.

Металлургия өнеркәсібі экспортының ұлғаюы мыс, алюминий, қорғасын және сазбалшық экспортының құндық көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

2024 жылғы қаңтар-мамыр айларында Қазақстан Республикасының металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (36,6%), Ресей (22,7%), Түркия (9,2%) және АҚШ (3,9%) болды.

2024 жылғы қаңтар-мамыр айларында металлургия өнімдері импортының көлемі 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 4,5%-ға төмендеп, 1,4 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 1,1 млрд. АҚШ доллары, түсті металлургия – 0,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Металлургия өнеркәсібі импортының төмендеуі жіксіз және дәнекерленген құбырлар импортының құндық көлемінің төмендеуіне байланысты болды.

2024 жылғы қаңтар-мамыр айларында металлургиялық өнімдер импортының құндық құрылымында: шыбықтар (15,5%), тегіс илек (12,9%), жіксіз құбырлар (12,1%), мыс анодтары (10,8%), дәнекерленген құбырлар (8,3%) басым.

2024 жылғы қаңтар-мамырда Қазақстан Республикасына металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей (75,9%), Қытай (10,4%) және Италия (2,8%) болып табылады.

2024 жылғы қаңтар-мамыр айларында Қазақстан Республикасындағы металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 3,3 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл ретте ОТӨ үлесіне 55,8%, импорттық өнімнің үлесіне 44,2% тиесілі.

Сала үш өңірде: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының металлургия өндірісінің құрылымында 2024 жылғы қаңтар-маусымда Қарағанды облысының үлесі шамамен 21,6%, ШҚО үлесі 17,3% және Павлодар облысының үлесі 13,1% құрайды.